

2009 жылғы 1 сәуірдегі банк секторының ағымдағы жағдайы¹

2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Қазақстанда 37 екінші деңгейдегі банк жұмыс істеуде, оның ішінде Алматы қаласында 35 банк, банктердің 34 филиалы және 376 қосымша үй-жайлары орналасқан.

Банк секторының құрылымы	1.01.09	1.04.09
Екінші деңгейдегі банктердің саны, оның ішінде:	37	37
- жарғылық капиталда мемлекеттің 100% қатысы бар банктер ²	1	1
Екінші деңгейдегі банктердің филиалдарының саны	379	380
Екінші деңгейдегі банктердің қосымша үй-жайларының саны	2 167	2 139
Екінші деңгейдегі банктердің шетелдердегі өкілдіктерінің саны	14	15
Қазақстан Республикасындағы резидент емес банктер өкілдіктерінің саны	31	33
Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіндегі қатысушы банктердің саны	35	36
Кастодиан қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар банктердің саны	10	11

Капитал. Екінші деңгейдегі банктердің жиынтық меншікті капиталының³ есеп айырысу мөлшері 2009 жылдың басынан бастап 35,4 млрд. теңгеге (1,82%-ға) азайып, 2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 1 912,4 млрд. теңге болды. Бұл ретте, бірінші деңгейдегі капитал 1,82%-дан 1 497,3 млрд. теңгеге дейін азайды, ал екінші деңгейдегі капитал 1,56%-дан 487,4 млрд. теңгеге дейін азайды.

млрд. теңге

Атауы	1.01.09	1.04.09	Өсім %-бен
1-ші деңгейдегі капитал	1 525,1	1 497,3	-1,82
Жарғылық капитал	1 017,7	1 261,2	23,92
Қосымша капитал	4,9	4,9	0,24
2-ші деңгейдегі капитал	495,1	487,4	-1,56
Реттелген борыш	562,6	608,2	8,10
3-ші деңгейдегі капитал	0,9	1,1	19,56
Банктердің инвестициялары ⁴	73,3	73,3	0,03
Барлық меншікті есеп айырысу капиталы	1 947,8	1 912,4	-1,82

2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банк секторы меншікті капиталының тепе-теңдік көрсеткіштері k1 - 0,10, k2 - 0,13 болды.

Меншікті капитал тепе-теңдігінің көрсеткіштері	1.01.09	1.04.09
Бірінші деңгейдегі меншікті капиталдың жиынтық активтерге қатынасы (k1)	0,12	0,10
Тәуекел дәрежесі бойынша салмақталған баланстан тыс міндеттемелерге және активтерге меншікті капиталдың қатынасы (k2)	0,15	0,13
Есептік меншікті капиталдың несие портфеліне қатынасы	0,21	0,19
Есептік меншікті капиталдың несие портфелі бойынша құрылған провизияларға қатынасы	1,90	1,23
Есептік меншікті капиталдың күмәнді кредиттерге қатынасы	0,40	0,32

Сонымен бірге, 2009 жылғы 1 сәуірде екінші деңгейдегі банктер балансы бойынша меншікті капитал 65,6 млрд. теңгеге (4,5%-ға) азайып, есепті күнге 1 387,0 млрд. теңгені құрады.

Активтер. 2009 жылғы алғашқы үш айында банктердің жиынтық активтерінің мөлшері 2 211,4 млрд. теңгеге (18,6%-ға) өсті және есепті күнге 14 100,9 млрд. теңгені құрады, активтердің бұлай өсуіне 2009 жылғы ақпан айындағы теңгенің девальвацияға ұшырау салдарынан шетел валютасында номинирленген активтерді қайта бағалау себепші болды, ал девальвацияның құрамдас бөліктерін ескермесек, екінші деңгейдегі банктердің жиынтық активтері өткен кезеңмен салыстырғанда 5,1%-ға азайып, шамамен 11 280,7 млрд. теңгені құрайтын еді.


млрд. теңге

Банк секторының жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	1.01.09		1.04.09		Өсім (%-бен)
	млрд. теңге	жиынтығында %-бен	млрд. теңге	жиынтығында %-бен	
Қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттар	820,2	6,9	1 102,2	7,8	34,4
Басқа банктерде орналастырылған салымдар	576,8	4,8	983,4	7,0	70,5
Бағалы қағаздар	888,2	7,5	1670,7	11,8	88,1
Банктік заемдар және «кері РЕПО» операциялары	9 244,5	77,8	10 254,5	72,7	10,9
Капиталға инвестициялар	319,5	2,7	337,9	2,4	5,7
Резервтер (провизиялар)	-1 031,9	-8,6	-1 568,0	-11,1	51,9
Басқа активтер	1 072,2	9,0	1 320,2	9,4	23,1
Активтердің барлығы	11 889,6	100	14 100,9	100	18,6


Банктер активтерінің құрылымында банктік заемдар және «кері РЕПО» операциялары (72,7%), бағалы қағаздар портфелі (11,8%), қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттардағы қалдықтар (7,8%), басқа банктерде орналасқан салымдар (7,0%) үлкен үлес алады. 2009 жылғы 1-тоқсанда банктік заемдар және «кері РЕПО» операциялары 1 010,0 млрд. теңгеге немесе 10,9%-ға көбейіп, бағалы қағаздар 782,4 млрд. теңгеге немесе 88,1%-ға көбейіп, қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттардағы қалдықтар 282,0 млрд. теңгеге немесе 34,4%-ға ұлғайды, басқа банктерде орналасқан салымдар 406,7 млрд. теңгеге немесе 70,5%-ға ұлғайды, ал капиталға салынған инвестиция 18,3 млрд. теңгеге немесе 5,7%-ға көбейіп, резервтер (провизиялар) 536,1 млрд. теңгеге немесе 51,9%-ға артты.

Жылдың басынан бастап баланс бойынша мерзімі өткен берешек⁵ 256,6 млрд. теңгеден 333,2 млрд. теңгеге немесе 2,3 есеге өсті және есепті күнге 589,8 млрд. теңге болды.

Мерзімі өткен сыйақы көрінісі бойынша шоттардағы қалдықтар 2009 жылдың басынан бастап 69,1 млрд. теңгеге немесе 2,4 есеге көбейіп, 2009 жылғы 1 сәуірде 118,2 млрд. теңгені құрады.



1.04.09ж. жағдай бойынша банк секторы активтерінің құрылымы (%)



2009 жылғы 1 сәуірде жіктелуге жататын активтер мен шартты міндеттемелер мөлшері 2 747,7 млрд. теңгеден (20,0%-дан) 16 459,2 млрд. теңгеге дейін көбейді, мұндай көбеюге де 2009 жылғы ақпан айындағы теңгенің девальвацияға ұшырау салдарынан шетел валютасында номинирленген активтерді және шартты міндеттемелерді қайта бағалау себепші болды,

Стандартты активтер мен шартты міндеттемелердің үлес салмағы 58,0 % болды, күмәнділер үлесі - 36,6%-дан 37,6%-ға дейін көбейіп, үмітсіз активтер мен шартты міндеттемелер үлесі 4,4% болды.

млрд. теңге

Активтердің және шартты міндеттемелердің сапасының динамикасы	1.01.09		1.04.09	
	негізгі борыш сомасы, млрд. теңгемен	жиынтығында %-бен	негізгі борыш сомасы, млрд. теңгемен	жиынтығында %-бен
Барлық активтер мен шартты міндеттемелер	13 711,5	100	16 459,2	100
Стандартты	8 281,4	60,4	9 540,4	58,0
Күмәнді	5 016,9	36,6	6 192,7	37,6
1-санатты күмәнді - төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	2 347,1	17,1	2 871,2	17,4
2-санатты күмәнді - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	612,4	4,5	537,0	3,3
3-санатты күмәнді - төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	1 588,8	11,6	1 374,1	8,3
4-санатты күмәнді - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	210,8	1,5	785,7	4,8
5-санатты күмәнді	257,8	1,9	624,7	3,8
Үмітсіздері	413,2	3,0	726,1	4,4


Қаралып отырған кезең ішінде банктердің кредит портфелі құрылымында стандартты кредиттер үлесі 43,0%-дан 35,5%-ға дейін азайып, күмәнді кредиттердің үлесі 52,6%-дан 57,8%-

ға дейін ұлғайды, бұл ретте үмітсіз кредиттердің үлесі 4,4%-дан 6,7%-ға дейін өсті.


млрд. теңге

Несие портфелі сапасының динамикасы	1.01.09		1.04.09	
	негізгі борыш сомасы, млрд. теңгемен	жиынтығында %-бен	негізгі борыш сомасы, млрд. теңгемен	жиынтығында %-бен
Несиелік портфельдің барлығы	9 244,5	100	10 254,6	100
Стандартты	3 977,3	43,0	3 637,8	35,5
Күмәнді	4 865,0	52,6	5 932,7	57,8
1-санатты күмәнді - төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	2 232,6	24,2	2 770,0	27,0
2-санатты күмәнді – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	595,8	6,5	517,2	5,0
3-санатты күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	1 577,4	17,1	1 307,4	12,8
4-санатты күмәнді - төлемдерді кешіктірген немесе уақтылы төлемеген кезде	206,0	2,2	740,0	7,2
5-санатты күмәнді	253,2	2,6	598,1	5,8
Үмітсіздері	402,2	4,4	684,1	6,7

1.01.09ж. жағдай бойынша несие портфелі сапасының құрылымы (%)




1.04.09ж. жағдай бойынша несие портфелі сапасының құрылымы (%)



2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша нақты қалыптасқан провизиялар сомасы 1 560,8 млрд. теңге немесе екінші деңгейдегі банктердің несие портфелінің 15,2%-ы болды. 2009 жылғы 1 қаңтарда провизиялар 535,2 млрд. теңгеге немесе 52,2%-ға ұлғайды. 2009 жылғы 1 сәуірде жалпы провизиялар берілген кредиттер бойынша қалыптасқан провизиялар сомасының 0,02%-ы немесе 0,3 млрд теңге болды. Арнайы провизиялар 2009 жылдың басымен салыстырғанда 52,2 %-ға өсіп, 1 560,6 млрд. теңге болды.

Екінші деңгейдегі банктер қалыптастырған провизиялар (млрд. теңге)



Міндеттемелер. 2009 жылдың басынан бастап екінші деңгейдегі банктер міндеттемелерінің жалпы сомасы 2 276,9 млрд. теңгеге (21,8%-ға) артып, 2009 жылғы 1 сәуірде 12 713,9 млрд. теңге болды. Міндеттемелердің қомақты өсуіне 2009 жылғы ақпан айындағы теңгенің девальвацияға ұшырау салдарынан шетел валютасында номинирленген міндеттемелерді қайта бағалау себепші болды, ал девальвацияның құрамдас бөліктерін ескермесек, екінші деңгейдегі банктердің жиынтық міндеттемелері 2,5%-ға азайып, шамамен 10 171,1 млрд. теңгені құрайтын еді. Ал шетел валютасында номинирленген міндеттемелердің үлесі ЕДБ жиынтық міндеттемелерінің 61,0%-ын құрады.


Банк секторының жиынтық міндеттемелері құрылымында заңды тұлғалардың салымдары 690,0 млрд. теңгеге немесе 22,3%-ға көбейді, арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары 412,2 млрд. теңгеге немесе 18,0%-ға ұлғайып, жеке тұлғалар алдындағы міндеттемелер 114,5 млрд. теңгеге немесе 7,6%-ға артты, ал басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар 198,2 млрд. теңгеден 1 648,4 млрд. теңгеге дейін көбейді.

млрд. теңге


Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	1.01.09		1.04.09		Өсімі %-бен
	млрд. теңге	жиынтығына %-бен	млрд. теңге	жиынтығына %-бен	
Банкаралық салымдар	319,0	3,1	117,8	0,9	-63,1
Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	1 450,2	13,9	1 648,4	13,0	13,7
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған заемдар	32,0	0,3	48,6	0,4	51,7
Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар	88,9	0,9	117,4	0,9	32,0
Заңды тұлғалардың салымдары	3 088,3	29,6	3 778,3	29,7	22,3
Жеке тұлғалардың салымдары	1 500,3	14,4	1 614,8	12,7	7,6
Арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары	2 284,5	21,9	2 696,7	21,2	18,0
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	375,1	3,6	1 133,0	8,9	3 есе

Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	269,1	2,6	353,3	2,8	31,3
Басқа міндеттемелер	1 029,6	9,9	1 205,6	9,5	17,1
Міндеттемелердің барлығы	10 437,0	100	12 713,9	100	21,8

1.01.09ж. жағдай бойынша банк секторы міндеттемелерінің құрылымы (%)



1.04.09ж. жағдай бойынша банк секторы міндеттемелерінің құрылымы (%)



2009 жылғы 1 сәуірде заңды және жеке тұлғалардың салымдары⁶ 804,5 млрд. теңгеге немесе 17,5%-ға ұлғайды және 2009 жылғы 1 сәуірде 5 393,1 млрд. теңге болды. 2009 жылғы 1-тоқсанда жеке тұлғалардың салымдары 7,6%-ға немесе 114,5 млрд. теңгеге өсті. Заңды тұлғалардың салымдары 22,3%-ға немесе 690,0 млрд. теңгеге көбейді.

Заңды және жеке тұлғалар салымдарының қомақты өсуіне 2009 жылғы ақпан айындағы теңгенің девальвацияға ұшырау салдарынан шетел валютасында номинирленген салымдарды қайта бағалау себепші болды, ал девальвацияның құрамдас бөліктерін ескермесек, клиенттердің салымдары шамамен 4 314,5 млрд. теңгені құрайтын еді. Ал заңды тұлғалардың салымдары 2,1%-ға азайып, шамамен 3 022,6 млрд.теңгені құрайтын еді, ал жеке тұлғалардың салымдары 13,9%-ға азайып, шамамен 1 291,8 млрд.теңге болар еді.

млрд. теңге

Клиенттердің салымдары	1.01.09ж.		1.01.09ж.		Өсім, %-бен	
	барлығы	оның ішінде шетел валютасында	барлығы	оның ішінде шетел валютасында	барлығы	оның ішінде шетел валютасында
Салымдардың барлығы, оның ішінде:	4 588,6	1 897,3	5 393,1	2 853,1	17,5	50,4
Заңды тұлғалардың салымдары	3 088,3	1 269,0	3 778,3	1 860,7	22,3	46,6
Жеке тұлғалардың салымдары	1 500,3	628,4	1 614,8	992,5	7,6	57,9

ҚР резидент еместеріне қойылатын талаптар. 2009 жылғы 1 сәуірде резидент еместерге қойылатын талаптардың мөлшері 690,8 млрд.теңгеге (23,7%-ға) артып, есепті күнге 3 609,7 млрд.теңге болды. Екінші деңгейдегі банктер активтерінің жалпы сомасында резидент еместерге қойылатын талаптардың үлесі 25,6% болды. Резидент еместерге қойылатын

талаптардың құрылымында банктік заемдар мен «кері РЕПО» операциялары 52,8% немесе 1 906,5 млрд. теңге мөлшерінде негізгі үлесті алды, басқа банктерде орналасқан салымдар үлесіне 20,2% немесе 728,7 млрд.теңге тиді.

млрд. теңге

Банк секторының ҚР резидент еместеріне қоятын жиынтық талаптарының динамикасы және құрылымы	1.01.09		1.04.09		Өсім, (%-бен)
	млрд. теңге	жиынтығына % -бен	млрд. теңге	жиынтығына % -бен	
Қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металлдар және корреспонденттік шоттар	392,2	13,4	388,1	10,8	-1,1
Басқа банктерде орналасқан салымдар	453,0	15,5	728,7	20,2	60,9
Бағалы қағаздар	290,7	10,0	382,7	10,6	31,6
Банк заемдар және "кері РЕПО" операциялары	1 537,2	52,6	1 906,5	52,8	24,0
Капиталға салынған инвестиция	124,4	4,3	143,4	4,0	15,2
Резервтер (Провизиялар)	-147,1	-5,0	- 334,2	-9,3	2,3
Басқа активтер	268,4	9,2	394,5	10,9	47,0
ҚР резидент еместері алдындағы барлық талаптар	2 918,8	100	3 609,7	100	23,7

Екінші деңгейдегі банктердің несие портфелі, оның ішінде Қазақстан Республикасының резидент еместеріне берілген заемдары бойынша 2009 жылғы 1 сәуірдегі ақпарат

млрд. теңге

№	Банктің атауы	Несие портфелі	Резидент еместерге берілген заемдар	Резидент еместерге берілген заемдардың несие портфеліндегі үлесі, %-бен
1	"БТА Банкі" АҚ	2 627,7	1 353,3	51,5
2	"КАЗКОММЕРЦБАНК" АҚ	2 496,5	338,2	13,5
3	"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	1 331,0	126,8	9,5
4	"АТФБанк" АҚ	911,9	10,1	1,1
5	"Банк ЦентрКредит" АҚ	718,4	25,7	3,6
6	"Альянс Банк" АҚ	700,6	26,1	3,7
7	"БТА БАНКІ" АҚ ЕҰ "ТЕМІРБАНК" АҚ	285,2	3,1	1,1
8	"Нұрбанк" АҚ	251,7	5,9	2,3
9	"KASPI BANK" АҚ	208,7	5,0	2,4
10	"Еуразиялық Банк" АҚ	143,6	10,3	7,2
11	"ЦЕСНАБАНК" АҚ	99,5	0,3	0,3

12	"Сбербанк" ЕБ АҚ	80,7	0,0	0,0
13	"HSBC БАНК ҚАЗАҚСТАН" ЕБ АҚ	64,7	0,4	0,6
14	"RBS (Kazakhstan)" ЕБ АҚ	64,4	0,2	0,4
15	"Қазинвестбанк" АҚ	55,8	0,0	0,0
16	"Қазақстанның Тұрғын-үй Құрылыс Жинақ Банкі" АҚ	41,8	-	-
17	"ЭКСИМБАНК ҚАЗАҚСТАН" АҚ	46,5	0,4	0,9
18	"Ситибанк Қазақстан" АҚ	36,6	0,1	0,3
19	"АЛЬФА-БАНК" ЕБ" АҚ	17,8	0,0	0,0
20	"Delta Bank" АҚ	19,7	-	-
21	"Хоум Кредит Банк" АҚ	11,0	-	-
22	"Банк Позитив Қазақстан" АҚ	6,7	0,1	2,1
23	"Астана-финанс"Банкі" АҚ	6,8	-	-
24	"КЗИ БАНК" ЕБ" АҚ	4,4	0,1	3,3
25	"МЕТРОКОМБАНК" АҚ	3,8	-	-
26	"ЛАРИБА-БАНК" ББ" АҚ	3,1	-	-
27	"Заман-Банк" АҚ	3,1	-	-
28	"Сенім-Банк" АҚ	2,4	-	-
29	"ТАИБ ҚАЗАҚ БАНКІ" ЕБ АҚ	2,7	0,0	0,1
30	"Данабанк" АҚ	2,0	-	-
31	"Мастербанк" АҚ	1,8	-	-
32	"Экспресс Банк" АҚ	1,7	-	-
33	"ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫТАЙ БАНКІ" ЕБ АҚ	1,2	-	-
34	"Қазинкомбанк" АҚ	0,8	-	-
35	"Пәкістан ҰБ" Қазақстандағы ЕБ АҚ	0,3	0,0	11,8
36	"ҚСӨБ" АҚ	-	-	-
37	"Шинхан Банк Қазақстан" АҚ	-	-	-
	ЖИЫНТЫҒЫ	10 254,6	1 906,5	18,6

ҚР резиденті еместері алдындағы міндеттемелер. 2009 жылғы 1-тоқсанда екінші деңгейдегі банктер міндеттемелерінің резидент еместер алдындағы жалпы сомасы 549,6 млрд. теңгеге (11,7%-ға) көбейіп, есепті кезеңнің соңында 5 239,1 млрд. теңге болды. Міндеттемелердің бұлай өсуіне 2009 жылғы ақпан айындағы теңгенің девальвацияға ұшырау салдарынан шетел валютасында номинирленген ҚР резиденті еместері алдындағы міндеттемелерді қайта бағалау себепші болды, ал девальвацияның құрамдас бөліктерін ескермесек, ҚР резиденті еместері алдындағы міндеттемелер 10,6%-ға азайып, 01.04.2009 жылғы жағдай бойынша шамамен 4 191,3 млрд. теңгені құрайтын еді.

Екінші деңгейдегі банктер міндеттемелерінің жалпы сомасында резидент еместер алдындағы міндеттемелердің үлесі 2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 41,2% болды.

млрд. теңге

Банк секторының ҚР резидент еместері алдында қойылатын жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.09		01.04.09		Өсім % -бен
	млрд. теңге	жиынтығына % -бен	млрд. теңге	жиынтығына % -бен	
Банкаралық депозиттер	199,2	4,2	30,7	0,6	-84,6
Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	1 332,70	28,4	1 417,1	27,0	6,3
Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар	88,9	1,9	117,4	2,2	32,0
Заңды тұлғалардың салымдары	111,4	2,4	140,6	2,7	26,2
Жеке тұлғалардың салымдары	36,8	0,8	37,2	0,7	1,2
Арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары	2 284,50	48,7	2 696,7	51,5	18,0
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	229,2	4,9	259,2	5,0	13,1
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	8,2	0,2	-	-	-
Басқа міндеттемелер	398,7	8,5	540,2	10,3	35,5
ҚР резидент еместер алдында міндеттемелердің барлығы	4 689,5	100	5 239,1	100	11,7

ҚР екінші деңгейдегі банктердің резидент еместер алдындағы өтем жасалғанға дейін қалған төлем мерзімі бойынша міндеттемелері

млрд. теңге

Атауы	Сомасы
талап етілгенге дейін	67,4
1 айға дейін	194,9
1 айдан 3 айға дейін	250,1
3 айдан 6 айға дейін	337,1
6 айдан 1 жылға дейін	505,0
1 жылдан 2 жылға дейін	731,4
2 жылдан 3 жылға дейін	824,5
3 жылдан 5 жылға дейін	787,7
5 жылдан жоғары	1 476,6
Қаржылық емес міндеттемелер	64,4
Резидент еместер алдындағы міндеттемелер	5 239,1

Өтімділік. 2008 жылғы 1 шілдеден бастап өтімділік бөлігіне, атап айтқанда мерзімді және валюталық мерзімді өтімділікті 7, 30 және 90 күнге дейін реттеуге бағытталған түзетулер күшіне енді.

2009 жылғы 1 сәуірдегі банк жүйесі бойынша өтімділік коэффициенті мынадай болды:

7 күнге дейінгі мерзімді өтімділік коэффициенті (к4-1) 1 нормативі кезінде 5,0-ді құрады,

30 күнге дейінгі мерзімді өтімділік коэффициенті (к4-2) 0,9 нормативі кезінде 2,8-ді құрады,

90 күнге дейінгі мерзімді өтімділік коэффициенті (к4-3) 0,8 нормативі кезінде 2,2-ны құрады.

Көрсеткіш атауы	1.08.08	1.09.08	1.10.08	1.11.08	1.12.08	1.01.09	1.01.09	1.02.09	1.03.09	1.04.09
Мерзімді өтімділік к4-1 (min 1 мәні)	4,4	4,5	4,7	4,9	4,2	3,1	3,1	2,9	4,2	5,0
Мерзімді өтімділік к4-2 (min 0,9 мәні)	3,1	2,7	3,6	3,2	2	1,8	1,8	2,2	3,1	2,8
Мерзімді өтімділік к4-3 (min 0,8 мәні)	2	2	2,1	1,6	1,5	1,6	1,6	1,6	1,9	2,2

Кірістілік. 2009 жылғы 1 сәуірде екінші деңгейдегі банктер -296,6 млрд. теңге мөлшерінде (2008 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша – 27,6 млрд. теңге) жиынтық шығын шығарды.

млрд. теңге

Банк секторының кірістілігі	1.04.08	1.04.09	Өзгеріс (+;-), %-бен
Сыйақы алуға байланысты кірістер	348,7	401,2	15,1
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	188,5	209,8	11,3
Сыйақы алуға байланысты таза кіріс	160,1	191,4	19,5
Сыйақы алуға байланысты емес кірістер	308,3	1 442,4	4,7 есе
Сыйақы төлеуге байланысты емес шығыстар	429,9	1 928,8	4,5 есе
Сыйақы алумен байланысты емес таза кіріс (шығын)	-43,1	-486,4	11,3 есе
Көзделмеген баптар	-	-	-
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріс	38,5	-295,0	-
Табыс салығын төлеуге байланысты шығыстар	10,9	1,6	-84,9
Табыс салығы төленгеннен кейінгі таза кіріс (шығын)	27,6	-296,6	-

Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша (82,0% немесе


328,9 млрд. теңге) сыйақыны алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында клиенттердің талаптары бойынша төленген сыйақыларға байланысты шығыстарға (66,1% немесе 138,7 млрд. теңге) үлесі тиді. Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге (ROA) қатынасы -2,36% (01.04.08ж. жағдай бойынша – 2,21%) болса, табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің меншікті капиталына (ROE) қатынасы -21,51% (01.04.08ж. жағдай бойынша – 19,60%) болды.

Банк секторының кірістілігін сипаттайтын жиынтық көрсеткіштер	1.04.08 ⁷	1.04.09
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге қатынасы (ROA)	2,21	-2,36
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің баланс бойынша меншікті капиталға қатынасы (ROE)	19,60	-21,51
Сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық активтерге қатынасы	12,55	11,67
Сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық несие портфелінің кредиттеріне қатынасы	16,06	14,19
Дилингтік операциялар бойынша таза кірістің табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріске қатынасы	46,81	-21,23
Сыйақы (мүдде) төлеуге байланысты шығыстардың жиынтық міндеттемелерге қатынасы	7,43	7,03
Жиынтық активтерге резерв жасауға шығыстардың қатынасы	4,13	19,81

Банк секторының шоғырлануы. 2009 жылғы 1 сәурдегі жағдай бойынша 3 ірі банктің банк секторының жиынтық активтеріндегі үлесі 60,3%-ды құрады, 3 ірі банктің банк секторының жиынтық міндеттемелеріндегі үлесі 60,9% болды.

3 ірі банктің банк секторының жиынтық несие портфеліндегі кредиттерінің үлесі 63,0% болды. 2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 3 ірі банктің үлесіне екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы көлемінің 54,0%-ы келеді.

Жиынтық банк секторынан үлес	1.01.09	1.04.09
Үш ірі банктің активтері	57,8	60,3
Үш ірі банктің міндеттемелері	58,3	60,9
Үш ірі банктің меншікті капиталы	54,0	54,0
Үш ірі банктің несие портфелі	61,8	63,0
Үш ірі банк клиенттерінің салымдары ⁸ , оның ішінде:	56,6	58,4
- заңды тұлғалардың	56,0	60,3
- жеке тұлғалардың	58,0	54,0



Экономикадағы банк секторының ролі

млрд. теңге

Қазақстан экономикасындағы банк секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштер динамикасы	1.01.09	01.02.09	01.03.09	01.04.09
ЖІӨ млрд.теңге ⁹	15 936,5	16 724,1	16 724,1	16 724,1
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %	74,6	71,3	80,0	84,3
Несие портфелінің ЖІӨ-ге қатынасы, %	58,0	54,5	61,3	61,3
Меншікті есептік капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %	12,2	11,6	11,6	11,4
Клиенттер салымдарының ¹⁰ ЖІӨ-ге қатынасы, %	43,1	41,1	32,4	32,2

¹ - 01.03.09 жылғы жағдай бойынша ақпарат «Қазақстан Даму Банкі» АҚ деректерін ескерусіз берілді;

² - «Қазақстан Тұрғын үй құрылыс жинақ Банкі» АҚ;

³ – уәкілетті орган бекіткен Екінші деңгейдегі банктердің пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні және әдістемесі туралы нұсқаулыққа сәйкес;

⁴ - банктердің меншікті капиталының есебінен алып тасталған инвестициялары (банктің заңды тұлғаның акцияларына салымы (жарғылық капиталына қатысу үлесі), сондай-ақ жиынтық мөлшері банктің бірінші деңгейлі және екінші деңгейлі капиталдарының сомасынан он пайыз асатын заңды тұлғаның реттелген борышы);

⁵ - баланс бойынша мерзімі өткен берешекке клиенттердің заем, факторинг, форфейтинг, қаржы лизингі бойынша берешектері кіреді (1306, 1309, 1327, 1328, 1409, 1421, 1423, 1424 шоттары); заемдар бойынша мерзімі өткен сыйақы 1741, 1731, 1734 б/шоттарында көрсетілген

⁶ - 2222 "Арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары" шотын қоса есептегенде;

⁷ - орташа көрсеткіштердің есебі өзгертілді;

⁸ - клиенттердің салымдары туралы ақпарат клиенттердің ағымдағы шоттарын ескере отырып берілді;

⁹ – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің нақтыланған деректері бойынша 2007 жылға - 12 849,8 млрд. теңге; Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің болжам деректері бойынша 2008 жылға - 15 907,0 млрд. теңге; Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің болжам деректері бойынша 2009 жылға - 16724,1 млрд. теңге.

¹⁰ - арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдарын ескере отырып;